

Хромтау ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 19 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 мамырда № 4934 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 наурыздағы № 292 шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 13.03.2019 № 292 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбына өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 04.01.2019 № 279 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 15.05.2017 № 118 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін); өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Хромтау аудандық

мәслихатының 04.01.2019 № 279 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Қарағұлов*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК